

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 қазандағы № 1668 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 21 қазандағы № 1091 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 190 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.03.2014 № 190 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Жеке және заңды тұлғалардың азаматтық, қызметтік қаруының әрбір бірлігін тіркеу және қайта тіркеу» мемлекеттік қызмет көрсету стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 қазандағы № 1668 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 45, 428-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбындағы және 1-тармақтағы «көрсету» деген сөз алып тасталсын; кіріспедегі «2-тармағына» деген сөздерден кейін және «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1-бабына» деген сөздермен толықтырылсын; көрсетілген қаулымен бекітілген «Жеке және заңды тұлғалардың азаматтық, қызметтік қаруының әрбір бірлігін тіркеу және қайта тіркеу» мемлекеттік қызмет көрсету стандарты осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасының</i>
	<i>К. Мәсімов</i>	
Қазақстан		Республикасы
Үкіметінің		
2010 жылғы	21	қазандағы
№ 1091	қаулысына	
қосымша		
Қазақстан		Республикасы
Үкіметінің		

бекітілген

«Жеке және заңды тұлғалардың азаматтық, қызметтік қаруының әр бірлігін тіркеу және қайта тіркеу» мемлекеттік қызмет стандарты 1.

Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызметті осы стандарттың 9-тармағында көрсетілген кестеге сәйкес осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекен жайлар бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, облыстардың, Астана, Алматы қалаларының және көліктегі ішкі істер департаменттерінің, қалалық, аудандық ішкі істер органдарының лицензия-рұқсат беру жүйесінің бөліністері (бұдан әрі - ЛРЖ бөліністері) көрсетеді.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: автоматтандырылмаған.

3. «Жеке және заңды тұлғалардың азаматтық, қызметтік қаруының әр бірлігін тіркеу және қайта тіркеу» мемлекеттік қызметі «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» 1998 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 2-тармағының және 15-бабы 2-тармағының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 тамыздағы № 1176 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы қару мен оның патрондары айналымының ережесі негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және қажетті құжаттар, сондай-ақ оларды толтыру үлгілері туралы толық ақпарат Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі - ИМ), облыстардың, Алматы және Астана қалалары ішкі істер департаменттерінің (бұдан әрі - ИД) www.mvd.kz Интернет - ресурсының «Ішкі істер органдарының қызметі туралы» бөлімінде орналастырылған, олардың тізбесі осы стандартқа 1-қосымшада, сондай-ақ ресми ақпарат көздері мен ЛРЖ бөліністеріндегі стенділерде орналастырылған.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетуді аяқтау нысаны: жеке тұлғаға қаруды сақтауға немесе сақтауға және алып жүруге, заңды тұлғаға қаруды сақтауға берілген рұқсат қағаз немесе дәлелді бас тарту болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет:

- 1) 18 жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетелдіктерге;
- 2) ерекше жарғылық міндеттері бар заңды тұлғалардың қызметкерлеріне;
- 3) 19 жасқа толған күзет қызметі субъектілерінің қызметкерлеріне;
- 4) ерекше жарғылық міндеттері бар заңды тұлғаларға;
- 5) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының мамандандырылған

күзет қызметі бөліністерін қоспағанда, күзет қызметімен айналысуға лицензиялары бар субъектілерге (заңды тұлғаларға, жеке кәсіпкерлерге);

б) спорт ұйымдарына (бұдан әрі - өтініш берушілер) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

1) мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі тұтынушы осы стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды тапсырған және ішкі істер органдарында олар тіркелген сәттен бастап:

өзге де субъектілерден, лауазымды адамдардан ақпарат алуды не жергілікті жерге шыға отырып тексеруді қажет етпейтін жеке және (немесе) заңды тұлғаның өтінішін қарау кезінде күнтізбелік он бес күнді;

өзге де субъектілерден, лауазымды адамдардан ақпарат алуды не жергілікті жерге шыға отырып, тексеруді қажет ететін жеке және (немесе) заңды тұлғаның өтінішін қарау кезінде күнтізбелік отыз күнді құрайды;

2) қажетті құжаттарды тапсырған кезде кезек күтуге берілетін ең ұзақ уақыт 30 минуттан аспайды;

3) қажетті құжаттарды тапсырған кезде тұтынушыға қызмет көрсетуге берілетін ең ұзақ уақыт 30 минуттан аспайды;

4) қаруды сақтауға, сақтауға немесе алып жүруге рұқсат алу кезінде берілетін ең ұзақ уақыт 30 минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (2001 жылғы 12 маусымдағы № 209 Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің 540-бабына сәйкес мемлекеттік баж алынады, ол жеке және заңды тұлғалардың азаматтық және қызметтік қаруының әр бірлігін тіркеу және қайта тіркеу үшін (суық аңшы, сигналдық, жас ағызатын немесе тітіркендіргіш заттармен оқталған механикалық шашыртқылар, аэрозольдік және басқа да құрылғылар, ұңғы энергиясы 7,5 Дж аспайтын және калибрі 4,5 мм дейінгі пневматикалық қаруларды қоспағанда) мемлекеттік алым төлеу күні белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 10 пайызын құрайды.

Мемлекеттік баж Қазақстан Республикасының банк мекемелері арқылы төленеді, олар төлемнің мөлшері мен төленген күнін растайтын түбіртек береді.

9. ЛРЖ бөліністерінде сатып алуға рұқсат және тіркеу (қайта тіркеу) мәселелері бойынша азаматтар мен ұйымдардың өкілдерін қабылдау әр дүйсенбі және бейсенбі күндері сағат 9-00—ден бастап 18-00-ге дейін, түскі үзіліс 13-00-ден 14-30-ға дейін және айына екі рет жұмыс істемейтін күндері сағат 9-00-ден 13-00-ге дейін жүзеге асырылады.

Қабылдау кезек бойынша, алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз жүргізіледі.

10. ЛРЖ бөліністерінің үй-жайлары ғимараттың бірінші қабатында орналасады, ішкі істер органдарының (бұдан әрі - ИО) басқа бөлімшелерінен

бөлек, дене мүмкіндіктері шектелген адамдарға арналған пандустары бар кіретін есігі болады. Күту залы, құжаттарды толтыратын орындары қажетті құжаттар тізбесі және оларды толтыру үлгілері, жеке және заңды тұлғалардың азаматтық және қызметтік қаруының әр бірлігін тіркеу және қайта тіркеу мәселелерін реттейтін, сондай-ақ лицензия-рұқсат беру жүйесінің ережесін бұзғаны үшін жауапкершілік туралы ескертпе берілетін нормативтік құқықтық актілердің үзінділері (үзінді-көшірмелері) бар стенділермен жабдықталады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

11. Қажетті құжаттар мен талаптар тізбесі:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 тамыздағы № 1176 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы қару мен оның патрондары айналымының ережесі (бұдан әрі - Ереже) талаптарына сәйкес сатып алынған азаматтық қаруды тіркеу (оны сақтауға немесе сақтауға және алып жүруге рұқсат алу) үшін Қазақстан Республикасының азаматы аумақтығы

б о й ы н ш а І І О , І І Д - г е :

3x4 см мөлшеріндегі екі фотосуретті;

қаруды тіркегені (қайта тіркегені) және қаруды сақтауға немесе сақтау мен алып жүруге рұқсат беру үшін мемлекеттік бажды төлегені туралы түбіртектер;

қаруды сатып алу көзін көрсететін құжатты (рұқсаттың немесе өтініштің т е л н ұ с қ а с ы н) ;

қаруды дүкеннен алғаш рет сатып алу кезінде және одан кейінгі әрбір 5 жылда ІІО-да қайта тіркеу кезінде сатып алынған шолақ аңшы қаруынан оқты және гильзаларды бақылау мақсатында атып көру туралы актіні ұсынады.

Өзін-өзі қорғауға арналған ұзын тегіс ұңғылы атыс қаруы, оның ішінде жарақат салатын патрондары бар қару денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның тиісті нормаларына сәйкес аңшылық куәлігі болмай-ақ, оны алып жүру

қ ұ қ ы ғ ы н с ы з т і р к е л е д і .

Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрамалардың әскери қызметшілері, арнайы органдардың арнаулы атағы бар қызметкерлері азаматтық қаруды тіркеуі (оны сақтауға немесе сақтау мен алып жүруге рұқсат алуы) үшін қаруды иеленуге көру қабілетінің бұзылуына, психикалық ауруына, алкоголизмге, нашақорлыққа немесе уытқұмарлыққа байланысты қарсы айғақтардың жоқ екені туралы медициналық қорытынды талап етілмейді.

Қазақстан Республикасының аумағында кемінде бір жыл мерзімге тұру үшін ішкі істер органдарында белгіленген тәртіппен тіркелген шетелдіктер газды тапаншалар мен револьверлерді, ұңғысыз атыс қаруын өздері азаматтары болып табылатын мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінің қолдаухаты бойынша

жалпы негізде тіркейді (оларды сақтауға және алып жүруге рұқсат алады);

2) Қазақстан Республикасының азаматы қайта тіркеу (азаматтық қаруды сақтауға немесе сақтауға және алып жүруге рұқсаттың жарамдылық мерзімін ұзарту) үшін аумақтық ПО, ПД-ға Ереженің талаптарына сәйкес құжаттарды ұ с ы н а д ы ;

3) Ереже талаптарына сәйкес сатып алынған қызметтік қаруды тіркеу (оны сақтауға және пайдалануға рұқсат алу) үшін заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер аумақтылығы бойынша ПО, ПД-ге:

сатып алынған қарудың саны (әр бірліктің түрі, үлгісі, моделі, жүйесі, калибрі, нөмірі, шығарылған жылы) туралы; қаруды сақтау мен пайдалануға жауапты адам, сондай-ақ қаруды алуға рұқсаты бар адамдар, оның ішінде күзет қызметкерлері туралы мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты, туған күні мен жері) көрсетілетін ұйым басшысының өтінішін;

заңды тұлға басшысының немесе жеке кәсіпкердің қару мен оның патрондарының сақталуы үшін жауапты адамды тағайындау туралы бұйрығының к ө ш і р м е с і ;

көру қабілетінің бұзылуына, психикалық ауруға, алкоголизмге немесе нашакорлыққа байланысты қару ұстауға қарсы айғақтар жоқ екені туралы медициналық қ о р ы т ы н д ы ;

қаруды қауіпсіз ұстаудың ережелерін білетіндігін тексеру туралы а н ы қ т а м а л а р ;

қаруды сатып алу көзін көрсететін құжатты (ПО, ПД беретін лицензияның т е л н ұ с қ а с ы н) ;

қаруды сақтауға рұқсат беру үшін мемлекеттік баж төлегені туралы т ү б і р т е к т і ;

қаруды сақтауға арналған үй-жайдың жарамдылығы туралы ПО, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдары мен мекемелерінің өкілдері жасаған актіні (қаруды сақтауға арналған жаңа объектіні ашу кезінде ұсынылады) ұсынады;

4) Ереженің 2, 3, 4, 4-1 (құпия), 4-2 (құпия), 6, 7, 7-1, 7-2, 8, 9, 10, 10-2, 10-3 (құпия) және 10-4-қосымшаларында көрсетілген заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер қызметкерлерінің қызметтік және азаматтық қаруды тіркеуі (оларды сақтауға және алып жүруге рұқсат алуы) үшін қажетті құжаттар тізбесі:

заңды тұлға басшысының немесе жеке кәсіпкердің өтініші (қолдаухаты); қаруды тіркеуге үміткер адамдардың тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы мен жері көрсетілген тізімі қосымшасымен;

заңды тұлға басшысының немесе жеке кәсіпкердің адамды лауазымға тағайындау туралы және қызметтік қаруды жеке бекіту туралы бұйрықтарының к ө ш і р м е л е р і ;

ұйым басшысының адамды лауазымға тағайындау туралы және қызметтік қаруды жеке бекітіп беру туралы бұйрықтарының көшірмелері;
қаруды тіркеуге үміткер адамның жеке куәлігінің көшірмесі;
3x4 см мөлшеріндегі екі фотосуреті;
күзетшілерді (күзет қызметі субъектілері үшін) даярлау (қайта даярлау) жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтары берген күзетші ретіндегі жұмысқа даярлықтан өткенін растайтын куәліктері;
қару ұстау қауіпсіздігі ережесін білуін тексеру туралы "Динамо" дене тәрбиесі-спорт қоғамы берген (күзет қызметі субъектілерін қоспағанда) а н ы қ т а м а л а р ;

көру қабілетінің бұзылуына, психикалық ауруға, алкоголизмге, нашақорлыққа немесе уытқұмарлыққа байланысты қару ұстауға қарсылық жоқ екені туралы медициналық қорытынды;

қаруды тіркегені және қаруды сақтау мен алып жүруге рұқсат беру үшін мемлекеттік баж төлегені туралы түбіртектер.

12. Өтініш беруші мемлекеттік қызметті алуға өтінішті осы стандарттың 1-қосымшасына сәйкес аумақтық ПО, ПД-ге тапсырады. Өтінішті толтыру үлгілері ЛРЖ-ның бөліністерінде орналасқан стенділерде бар.

13. Осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттар осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген мекенжайлар бойынша аумақтық ПО-ның, ПД-нің к е ң с е с і н е та п с ы р ы л а д ы .

Кеңсе қызметкері өтініш берушінің құжаттарын қабылдайды және тіркейді.

14. Құжаттарды тіркегеннен кейін кеңсе қызметкері оларды ПО-ның, ПД-нің басшылығына танысу үшін жібереді. Басшылық ЛРЖ-ның қызметкеріне құжатты қ а р а у ү ш і н ж а з а д ы .

ЛРЖ-ның қызметкері өтініш беруші ұсынған құжаттардың толықтығын тексереді, сатып алынған қаруды тіркейді және/немесе қайта тіркейді (оны сақтауға немесе сақтауға және алып жүруге рұқсат ресімдейді) және ПО, ПД, ПМ басшылары қол қойғаннан кейін өтініш берушіге береді.

Рұқсат беруден бас тартылған жағдайда өтініш берушіге Қазақстан Республикасының заңнамасына сілтеме жасай отырып, мазмұны бойынша негізделген және дәлелді, мемлекеттік тілде немесе өтініш берілген тілде бұл туралы жазбаша түрде хабарланады.

15. Өтініш берушіге осы стандарттың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдау туралы талон беріледі.

16. Қаруды сақтауға, сақтауға және алып жүруге рұқсаттарды ЛРЖ-ның осы рұқсаттарды ресімдеген қызметкері өтініш берушінің өзіне не сенімхат бойынша у ә к і л е т т і а д а м ғ а б е р е д і .

1) өтініш берушінің осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттардың толық тізбесін ұсынбауы;

2) мемлекеттік қызмет көрсетуден ерікті түрде бас тарту;

3) қоғамдық тәртіпке немесе белгіленген басқару тәртібіне қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықты бір жыл ішінде қайтадан жасауы;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, рұқсат алу мүмкіндігін жоятын мән-жайлардың туындауы;

5) азаматтық және қызметтік қару иесінің көрсетілген қарудың баллистикалық және басқа да техникалық сипаттамаларының өзгеруіне әкеп соққан қаруды конструкциялық өзгертуі;

б) азаматтық және қызметтік қарудың азаматтық және қызметтік қару мен олардың патрондары айналымы техникалық регламенттерге, сондай-ақ криминалдық талаптарға сәйкес келмеуі;

7) егер адам :
жасы 18 жасқа толмаса (азаматтық қаруды сақтауға, сақтау мен алып жүруге рұқсатты ресімдеу кезінде);
жасы 19 жасқа толмаса (күзет қызметі субъектілері қызметкерлерінің қызметтік қаруды сақтауға және алып жүруге рұқсатты ресімдеуі кезінде);
қасақана қылмыс жасағаны үшін жойылмаған немесе заңнамада белгіленген тәртіппен алынбаған соттылығы болса;
тұрақты тұратын жері болмаса;
қаруды сақтау үшін тиісті жағдайлары болмаса (сейфтің немесе металл шкафтың немесе бөтен адамдардың қаруды алуға мүмкіндігін болдырмайтын өзге құрылыстың жоқтығы);
аумақтығы бойынша ПО, ПД-ге қаруды ұстау қауіпсіздігі ережесін білуін тексеруден өткенін растайтын құжаттарды ұсынбаса, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер болып табылады.

3. Жұмыс қағидаттары

18. ЛРЖ бөліністерінің қызметі адамдардың конституциялық құқықтарын, қызметтік борышын орындау кезінде заңдылықты және ПО қызметкерінің ар-намыс кодексін сақтауға негізделеді және сыпайылық, толық ақпарат ұсыну, оны сақтауды қамтамасыз ету, қорғау және құпиялылық қағидаттарында жүзеге асырылады.

4. Жұмыс нәтижелері

19. ЛРЖ бөліністері жұмысының нәтижелері осы стандарттың 2-қосымшасына сәйкес сапа және қол жетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Осы мемлекеттік қызметті көрсететін мемлекеттік органның және оның аумақтық мекемелерінің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтің сапасы мен қол қолжетімділік көрсеткіштерінің мақсатты мәні жыл сайын ПМ Әкімшілік полиция комитетінің бұйрығымен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

21. ЛРБЖ қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне заңнамада белгіленген тәртіппен осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген ПО-ның, ПД-нің, ПМ Әкімшілік полиция комитетінің, ПМ-нің жоғары тұрған басшыларына шағымдануға болады.

22. Шағымдар жазбаша түрде пошта, электрондық пошта арқылы не ПО-ның, ПД-нің, ПМ-нің кеңселері арқылы жұмыс күндері сағат 9-00 бастап 18-00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13-00-ден 14-30-ға дейін, сондай-ақ сенбіде сағат 9-00 бастап сағат 13-00-ге дейін қолма-қол қабылданады.

23. Әдепсіз қызмет көрсету туралы шағым заңнамада белгіленген тәртіппен осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген ПО-ның, ПД-нің, ПМ Әкімшілік полиция комитетінің, ПМ-нің жоғары тұрған басшылығына беріледі.

24. Шағым жазбаша түрде ерікті нысанды пошта, электрондық пошта не ПО-ның, ПД-нің, ПМ Әкімшілік полиция комитетінің, ПМ-нің кеңсесі арқылы қабылданады.

Жеке тұлғаның шағымында оның тегі, аты, әкесінің аты, пошталық мекен жайы, заңды тұлғаның шағымында оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Шағымға өтініш беруші қол қоюы керек.

25. Қабылданған шағым ішкі істер органының ақпараттарды есепке алу журналына тіркеледі және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңымен белгіленген мерзімде қаралады. Өтініш берушіге өтінішті/арызды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, күні мен уақыты көрсетіле отырып, талон (стандартқа 4-қосымша) беріледі.

Шағымды қарау нәтижелері туралы өтініш берушіге пошта немесе электрондық пошта арқылы жазбаша түрде хабарланады.

26. ПМ Әкімшілік полиция комитетінің мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, 1, интернет-ресурсы: www.mvd.kz қабылдау бөлмесінің телефоны (7172) 71-40-75.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

2 6

қ а з а н д а ғ ы

№

1 6 6 8

қ а у л ы с ы м е н

б е к і т і л г е н

м е м л е к е т т і к

1-ҚОСЫМША

Тармақша N	Ішкі істер департаменттері	Заңды мекен жайы	Интернет-ресурсы	Ішкі істер департаменттері хатшылығының телефондары	Лицензия-рұқсат беру жүйесі телефондары
1	2	3	4	5	6
1.	Астана қаласының Ішкі істер департаменті	Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 19	www.ast.dvd.mvd.kz	71-61-98, 71-61- 99	71-61-70, 71-60- 18. 71-63-66
1)	«Алматы» ауданының Ішкі істер басқармасы	Астана қаласы, Жансүгіров көшесі. 2		71-68-63	71-67-37
2)	«Сарыарқа» ауданының Ішкі істер басқармасы	Астана қаласы, Есенберлин көшесі, 1		71-66-32	71-66-46
3)	«Есіл» ауданының Ішкі істер басқармасы	Астана қаласы, Қорғалжын тас жолы, 21		79-88-02, 79-88-10	79-88-02
2.	Ақмола облысының ішкі істер департаменті	Көкшетау қаласы, Горький көшесі, 35	www.akmdvd.onlaine.kz	29-11-24, 29-11- 25	25-00-35
1)	Көкшетау қаласының Ішкі істер басқармасы	Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 121		25-78-05, 29-96- 79	23-03-49
2)	Степногор қаласының ішкі істер бөлімі	Степногор қаласы, 5- шағын аудан, 49		5-82-02	5-82-02
3)	1 Ақкөл ауданының ішкі істер бөлімі	Ақкөл қаласы, Октябрь көшесі, 2		2-10-02	2-10-02
4)	Аршалы ауданының ішкі істер бөлімі	Аршалы ауылы, Ташенов көшесі, 47		2-17-44	2-17-44
5)	Астрахан ауданының ішкі істері бөлімі	Астрахан ауылы, Байтұрсынов көшесі, 16		2-13-02	2-13-02
6)	Атбасар ауданының ішкі істер бөлімі	Атбасар қаласы, Урицк көшесі. 38		4-37-40	4-37-40
7)	Бұланды ауданының ішкі істер бөлімі	Макинск қаласы, Сейфуллин көшесі, 135		2-10-02	2-10-02
8)	Егіндікөл ауданының ішкі істер бөлімі	Егіндікөл ауылы, Бейбітшілік көшесі, 8		2-14-85	2-14-85
9)	Еңбекшілдер ауданының ішкі істер бөлімі	Степняк қаласы, Ленин көшесі, 79		2-30-40	2-30-40

10)	Ерейментау ауданының ішкі істер бөлімі	Ерейментау қаласы, Бөгенбай көшесі, 79		3-32-68	3-32-68
11)	Есіл ауданының ішкі істер бөлімі	Есіл қаласы, Әуезов көшесі, 63		2-12-02	2-12-02
12)	Жақсы ауданының ішкі істер бөлімі	Жақсы ауылы, Тұрлыбаев көшесі, 34		2-12-89	2-12-89
13)	Жарқайың ауданының ішкі істер бөлімі	Державинск қаласы, Захаров көшесі, 33		9-63-33	9-63-33
14)	Зеренді ауданының ішкі істер бөлімі	Зеренді ауылы, Ілиясов көшесі, 42		3-44-02	3-44-02
15)	Қорғалжын ауданының ішкі істер бөлімі	Қорғалжын ауылы, Болғанбаев көшесі, 8		2-14-35	2-14-35
16)	Сандықтау ауданының ішкі істер бөлімі	Балкашино ауылы, Абай көшесі, 101		5-00-02	5-00-02
17)	Целиноград ауданының ішкі істер бөлімі	Ақмол ауылы		92-4-18	92-4-18
18)	Шортанды ауданының ішкі істер бөлімі	Шортанды ауылы, Советская көшесі, 21		2-75-02	2-75-02
3.	Алматы қаласының Ішкі істер департаменті	Алматы қаласы, Масанчи көшесі, 57а	www.almaty.polise.kz	254-41-55, 254-42-24	254-47-81, 254-42-17, 254-42-15, 254-47-97, 254-40-83
1)	Алатау ауданының Ішкі істер басқармасы	Алматы қаласы, Өтеген батыр көшесі, 78		298-54-85	298-54-85
2)	Алмалы ауданының Ішкі істер басқармасы	Алматы қаласы, Қарасай батыр көшесі, 109		254-46-29	254-46-22
3)	Әуезов ауданының Ішкі істер басқармасы	Алматы қаласы, Өтеген батыр көшесі, 76		298-53-53	221-09-86
4)	Бостандық ауданының Ішкі істер басқармасы	Алматы қаласы, Радостовец көшесі, 205		254-47-34	395-05-43
5)	Жетісу ауданының Ішкі істер басқармасы	Алматы қаласы, Райымбек көшесі, 158 а		279-96-88	233-69-18
6)	Медеу ауданының Ішкі істер басқармасы	Алматы қаласы, Зенков көшесі, 37		254-48-18	254-48-15
7)	Түріксіб ауданының Ішкі істер басқармасы	Алматы қаласы, Рихард Зорге көшесі, 14		298-54-09	298-54-45

4.	Ақтөбе облысының Ішкі істер департаменті	Ақтөбе қаласы, Ағайынды Жубановтар көшесі, 271	www.aktobepolise.kz	51-27-55, 93-03-03	52-02-09, 93-01-07
1)	Ақтөбе қаласының Ішкі істер басқармасы	Ақтөбе қаласы, Әйтеке би көшесі, 21,		21-23-38, 40-41-08	97-08-77, 97-08-70
2)	Әйтеке би ауданының ішкі істер бөлімі	Комсомол ауылы, Ардагер көшесі, 7		2-14-29	2-17-75
3)	Алға ауданының ішкі істер бөлімі	Алға қаласы, Мұхамбетов көшесі, 28		3-11-02	3-37-02
4)	Байғанин ауданының ішкі істер бөлімі	Байғанин ауылы, Советтер көшесі, 15		22-1-74	22-6-82
5)	Бірғыз ауданының ішкі істер бөлімі	Бірғыз ауылы, Ленин көшесі, 14		2-12-27	2-12-03
6)	Қарғалы ауданының ішкі істер бөлімі	Бадамша ауылы, Пацаев көшесі, 9		23-6-31	22-8-57
7)	Мәртөк ауданының ішкі істер бөлімі	Мәртөк ауылы, Ления көшесі, 45		2-14-04	2-14-90
8)	Мұғалжар ауданының ішкі істер бөлімі	Қандыағаш қаласы, Жамбыл көшесі, 74а		3-66-08	3-61-38
9)	Темір ауданының ішкі істер бөлімі	Шұбар құдық ауылы, Желтоқсан көшесі, 1		2-23-60	2-32-02
10)	Ойыл ауданының ішкі істер бөлімі	Ойыл ауылы, Қойшығұлов көшесі, 42		2-18-98	2-17-17
11)	Қобда ауданының ішкі істер бөлімі	Қобда ауылы, Астана көшесі, 97		2-16-92	2-16-95
12)	Хромтау ауданының ішкі істер бөлімі	Хромтау қаласы, Абай даңғылы, 10		2-12-37	2-16-24
13)	Шалқар ауданының ішкі істер бөлімі	Шалқар қаласы, Есет Көтібарұлы көшесі, 88		2-14-61	2-14-63
5.	Алматы облысының Ішкі істер департаменті	Талдықорған қаласы Жансүгіров көшесі, 91/95	www.jetisu-police.kz	60-02-11, 60-01-54	60-01-15, 60-01-08
1)	Талдықорған қаласының Ішкі істер басқармасы	Талдықорған қаласы, Абай көшесі, 249		60-86-04	24-42-00
2)	Еңбекші қазақ ауданының Ішкі істер басқармасы	Есік қаласы, Тоқатаев көшесі, 105		4-48-89	4-48-89

3)	Іле ауданының Ішкі істер басқармасы	Өтеген батыр ауылы, Батталханов көшесі		51-72-14	51-72-14
4)	Қарасай ауданының Ішкі істер басқармасы	Қаскелең қаласы, Абылайхан көшесі, 90		98-34-22	2-28-06
5)	Талғар ауданының Ішкі істер басқармасы	Талғар қаласы, Абылайхан көшесі, 120		295-61-05	295-61-05
6)	Қапшағай қаласының ішкі істер бөлімі	Қапшағай қаласы, Қонаев көшесі, 4		4-17-98	4-10-98
7)	Текелі қаласының ішкі істер бөлімі	Текелі қаласы, Қонаев көшесі, 104		4-51-18	4-51-18
8)	Ақсу ауданының ішкі істер бөлімі	Жансүгіров кенті, Жекебаев көшесі, 104		2-15-95	2-15-95
9)	Алакөл ауданының ішкі істер бөлімі	Үшарал қаласы, Қонаев көшесі, 9		2-12-84	2-22-14
10)	Балқаш ауданының ішкі істер бөлімі	Бақанас ауылы, Сейфуллин көшесі, 1		91-4-01	91-4-01
11)	Ескелді ауданының ішкі істер бөлімі	Қарабұлақ кенті, Оразбеков көшесі, 10		3-01-02	3-01-02
12)	Жамбыл ауданының ішкі істер бөлімі	Ұзынағаш ауылы, Рысқұлов көшесі, 78		2-12-45	2-15-45
13)	Қаратал ауданының ішкі істер бөлімі	Үштөбе қаласы, Төле би көшесі, 63		2-10-02	2-11-57
14)	Кербұлақ ауданының ішкі істер бөлімі	Сарыөзек ауылы, Момышұлы көшесі, 32		31-8-55	31-8-55
15)	Көксу ауданының ішкі істер бөлімі	Балпық би ауылы, Исабаев көшесі, 122		2-02-18	2-06-46
16)	Панфилов ауданының ішкі істер бөлімі	Жаркент қаласы, Жансүгіров көшесі, 102		5-12-02	5-12-02
17)	Райымбек ауданының ішкі істер бөлімі	Беген ауылы, Жамбыл көшесі, 9		2-13-98	2-15-59
18)	Сарқанд ауданының ішкі істер бөлімі	Сарқанд қаласы, Жамбыл көшесі, 42		2-10-02	2-11-54
19)	Ұйғыр ауданының ішкі істер бөлімі	Шоңжы ауылы, Исламов көшесі, 51		2-15-97	2-15-97
6.	Атырау облысының Ішкі істер департаменті	Атырау қаласы, Азаттық даңғылы, 85	www.dvd-atyrau.kz	98-21-17, 98-20-57	98-20-33
1)	Атырау қаласының Ішкі істер басқармасы	Атырау қаласы, Молдағұлова көшесі, 247		98-15-72	98-15-14

2)	Жылыой ауданының ішкі істер бөлімі	Құлсары қаласы, Дүйсенбеков көшесі, 54		5-17-22	5-17-22
3)	Индер ауданының ішкі істер бөлімі	Индер кенті, Нысанбаев көшесі, 9		2-13-65	2-13-65
4)	Исатай ауданының ішкі істер бөлімі	Аққыстау ауылы, Егемен Қазақстан көшесі, 11		2-02-02	2-06-97
5)	Қызылқоға ауданының ішкі істер бөлімі	Миялы ауылы, Абай көшесі, 8		2-12-06	2-12-01
6)	Құрманғазы ауданының ішкі істер бөлімі	Ганюшкино ауылы, Абай көшесі, 37		2-11-89	2-11-20
7)	Мақат ауданының ішкі істер бөлімі	Мақат ауылы, Газовик көшесі, 13		3-09-60	3-09-60
8)	Махамбет ауданының ішкі істер бөлімі	Махамбет ауылы, Абай көшесі, 13		2-23-67	2-23-67
7.	Шығыс Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті	Өскемен қаласы, Ворошилов көшесі, 1	http://02vko.kz	23-43-17, 23-42-11, 23-43-21	23-42-72, 23-43-75
1)	Өскемен қаласының Ішкі істер басқармасы	Өскемен қаласы, Пролетарская көшесі, 152		23-27-11, 23-27-12, 23-26-22	23-27-25, 23-27-86, 23-27-16
2)	Семей қаласының Ішкі істер басқармасы	Семей қаласы, Б. Момышұлы көшесі, 17		56-97-56	56-93-90
3)	Аягөз қаласының және Аягөз ауданының ішкі істер бөлімі	Аягөз қаласы, Тәніберген көшесі, 68		3-33-43, 3-14-88	3-33-43, 3-14-88
4)	Зырян қаласының және Зырян ауданының ішкі істер бөлімі	Зырян қаласы, Горький көшесі, 34		4-19-31, 3-10-08	4-19-31, 3-10-08
5)	Риддер қаласының ішкі істер бөлімі	Риддер қаласы, Тоқтаров көшесі, 8		4-47-41, 4-22-50	4-52-13
6)	Абай ауданының ішкі істер бөлімі	Қарауыл ауылы, Молдағалиев көшесі, 13		9-13-26	9-13-26
7)	Бесқарағай ауданының ішкі істер бөлімі	Бесқарағай ауылы, Өуезов көшесі, 45		9-14-63, 9-18-61	9-14-63, 9-18-61
8)	Бородулиха ауданының ішкі істер бөлімі	Бородулиха ауылы, Бейбітшілік даңғылы, 16		2-10-27	2-15-63

9)	Глубокое ауданының ішкі істер бөлімі	Глубокое ауылы, Попович көшесі, 44		2-18-80, 2-26-77	2-29-75
10)	Жарма ауданының ішкі істер бөлімі	Қалбатау ауылы, Бабатайұлы көшесі, 36		6-57-54	2-66-40
11)	Зайсан ауданының ішкі істер бөлімі	Зайсан қаласы, Сәтпаев көшесі, 14		2-12-02, 2-13-06	2-12-02, 2-13-06
12)	Катон-Қарағай ауданының ішкі істер бөлімі	Үлкен Нарын ауылы, Абай көшесі, 1		2-13-02	2-13-02
13)	Көкпекті ауданының ішкі істер бөлімі	Көкпекті ауылы, Астана көшесі, 33		2-17-94, 2-19-49	2-17-94, 2-19-49
14)	Күршім ауданының ішкі істер бөлімі	Күршім ауылы, Новая көшесі, 10		3-17-76, 3-21-58	3-17-76, 3-21-58
15)	Тарбағатай ауданының ішкі істер бөлімі	Аксуат ауылы, Қабанбай ауылы, 1		2-18-03	2-18-03
16)	Ұлан ауданының ішкі істер бөлімі	Молодежное кенті, 5-үй		2-74-33	2-74-33
17)	Үржар ауданының ішкі істер бөлімі	Үржар ауылы, Абылайхан көшесі. 171		2-10-02	2-10-02
18)	Шемонаиха ауданының ішкі істер бөлімі	Шемонаиха қаласы, Интернациональный көшесі, 2		2-15-66	2-15-71
19)	Курчатов қаласының полиция бөлімі	Курчатов қаласы, Абай көшесі, 10		2-55-01	2-37-82
8.	Ж а м б ы л облысының Ішкі істер департаменті	Тараз қаласы, Желтоқсан көшесі, 80	www.tarazpolice.kz	43-39-44	43-33-72
1)	Тараз қаласының Ішкі істер басқармасы	Тараз қаласы, Рысбек батыр көшесі, 5а		34-36-23	34-36-23
2)	Байзақ ауданының ішкі істер бөлімі	Сарыкемер ауылы, Орынқұлов көшесі, 9а		2-10-81	2-16-80
3)	Ж а м б ы л ауданының ішкі істер бөлімі	Аса ауылы, Төле би көшесі, 178		2-15-63	2-15-63
4)	Жуалы ауданының ішкі істер бөлімі	Б. Момышұлы ауылы, Рысбек батыр көшесі, 84		2-16-20	2-16-20
5)	Қордай ауданының ішкі істер бөлімі	Қордай ауылы, Жібек жолы көшесі, 326		2-20-02	2-20-02

6)	Мерке ауданының ішкі істер бөлімі	Мерке ауылы, Бсмайылов көшесі, 230		2-25-40	2-49-30
7)	Мойынқұм ауданының ішкі істер бөлімі	Мойынқұм ауылы, Амангелді көшесі, 69		2-44-45	2-44-45
8)	Сарысу ауданының ішкі істер бөлімі	Жаңатас қаласы, Әулие ата көшесі, 3		6-29-13	6-32-70
9)	Талас ауданының ішкі істер бөлімі	Қаратау қаласы, Қонаев көшесі, 20		6-27-14	6-27-14
10)	Тұрар Рысқұлов ауданының ішкі істер бөлімі	Кұлпан ауылы, Жібек жолы көшесі, 57		2-14-50	2-14-50
11)	Шу ауданының ішкі істер бөлімі	Шу қаласы, Сәтпаев көшесі, 130		2-48-02	2-48-02
9.	Батыс Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті	Орал қаласы, Пугачев көшесі, 45	www.dvdzko.kz	98-40-30	98-40-14
1)	Орал қаласының Ішкі істер басқармасы	Орал қаласы, Космическая көшесі, 10		92-18-33	92-18-14
2)	Ақжайық ауданының ішкі істер бөлімі	Чапаев ауылы, Қазақстан көшесі, 71		91-2-02	91-0-66
3)	Бекейорда ауданының ішкі істер бөлімі	Сайхин кенті, Әбілқайыр хан к-сі, 21		21-5-68	21-5-61
4)	Бөрлі ауданының ішкі істер бөлімі	Ақсай қаласы, 2-шағын аудан, 28		9-39-17	9-39-46
5)	Жаңақала ауданының ішкі істер бөлімі	Жаңақала ауылы, Халық Достығы, 53		2-19-20	2-19-21
6)	Жәнібек ауданының ішкі істер бөлімі	Жәнібек ауылы		21-5-03	21-1-05
7)	Зеленов ауданының ішкі істер бөлімі	Переметный ауылы, Достық көшесі, 64		22-0-02	22-2-61
8)	Қазталов ауданының ішкі істер бөлімі	Қазталов ауылы, С. Датов көшесі, 21		31-0-08	31-1-02
9)	Қаратөбе ауданының ішкі істер бөлімі	Қаратөбе ауылы, С. Датов көшесі, 16		31-3-25	31-7-02
10)	Сырым ауданының ішкі істер бөлімі	Сырым ауылы, Қазақстан көшесі, 7		31-1-37	21-5-45
11)	Тасқала ауданының ішкі істер бөлімі	Тасқала ауылы, Мирная көшесі 9		21-1-86	21-8-45

12)	Теректі ауданының ішкі істер бөлімі	Федоровка ауылы, Юбилейный көшесі, н/ж		23-2-66	21-1-86
13)	Шыңғырлау ауданының ішкі істер бөлімі	Шыңғырлау ауылы, Қазақстан көшесі, 7		33-6-39	33-2-39
10.	Қарағанды облысының Ішкі істер департаменті	Қарағанды қаласы, Ерубәев көшесі, 37	www.krgdvd.kz	42-90-19, 42-91-69	40-70-18, 44-20-54, 40-71-22
1)	Қарағанды қаласының Ішкі істер басқармасы	Қарағанды қаласы, Ермеков көшесі, 118		40-71-97	56-42-51, 74-22-56, 44-51-69, 46-30-31, 24-45-33, 53-03-05
2)	Жезқазған қаласының Ішкі істер басқармасы	Жезқазған қаласы, Сейфулин көшесі, 35		76-13-68	76-43-98
3)	Теміртау қаласының Ішкі істер басқармасы	Теміртау қаласы, Мичурин көшесі, 8		98-43-15	5-43-15
4)	Абай ауданының Ішкі істер басқармасы	Абай қаласы, К. Маркс көшесі, 42а		4-46-66	4-46-66
5)	Бұхар жырау ауданының Ішкі істер басқармасы	Ботақара кенті, Бұхар жырау көшесі, 4		2-11-78	2-16-55
6)	Балқаш қаласының ішкі істер бөлімі	Балқаш қаласы, Бөкейхан көшесі, 22		4-03-72	4-46-72
7)	Қаражал қаласының ішкі істер бөлімі	Қаражал қаласы, Тойымбек көшесі, 8		4-16-30	4-16-30
8)	Саран қаласының ішкі істер бөлімі	Саран қаласы, Жамбыл көшесі, 60		2-52-02	2-67-12
9)	Сәтпаев қаласының ішкі істер бөлімі	Сәтпаев қаласы, Абай көшесі, 6а		3-44-83	2-31-63
10)	Шахтинск қаласының ішкі істер бөлімі	Шахтинск қаласы, К. Маркс көшесі, 42а		4-04-07	4-23-70
11)	Ақтоғай ауданының ішкі істер бөлімі	Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, 3		2-16-90	2-16-90
12)	Жаңаарқа ауданының ішкі істер бөлімі	Атасу ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 10		2-64-70	2-64-70
13)	Қарқаралы ауданының ішкі істер бөлімі	Қарқалы қаласы, М. Әуезов көшесі, 31		3-12-02	3-10-86
14)	Нұра ауданының ішкі істер бөлімі	Киевка кенті, Талжанов көшесі, 5		2-12-88	2-29-01

15)	Осакаровка ауданының ішкі істер бөлімі	Осакаровка ауылы, Литвиновская көшесі, 9		4-16-55	4-13-82
16)	Ұлытау ауданының ішкі істер бөлімі	Ұлытау ауылы		2-11-02	2-11-02
17)	Шет ауданының ішкі істер бөлімі	Ақсу-Аюлы кенті. - Шортанбай көшесі, 16		2-12-02	2-12-02
11.	Қызылорда облысының Ішкі істер департаменті	Қызылорда қаласы. Қорқыт Ата көшесі, 18	www.dvdkzo.kz	27-44-10	29-56-97
1)	Қызылорда қаласының Ішкі істер басқармасы	Қызылорда қаласы, Төле би көшесі 136		27-45-47	29-71-10
2)	Арал ауданының ішкі істер бөлімі	Арал қаласы, Бақтыбай батыр көшесі, 27		2-10-01	2-21-02
3)	Жалағаш ауданының ішкі істер бөлімі	Жалағаш ауылы, Желтоқсан көшесі, 1		3-16-92	3-10-82
4)	Жаңақорған ауданының ішкі істер бөлімі	Жаңақорған ауылы		24-1-25	24-1-03
5)	Қазалы ауданының ішкі істер бөлімі	Кент Әйтеке би ауылы, Біржан сал көшесі, 86		2-16-40	2-14-93
6)	Қармақшы ауданының ішкі істер бөлімі	Жосалы кенті, Көшербаев көшесі, 39		2-10-03	2-11-81
7)	Сырдария ауданының ішкі істер бөлімі	Тереңөзек ауылы, Амангелді көшесі, 47		21-2-82	3-10-87
8)	Шиелі ауданының ішкі істер бөлімі	Шиелі кенті, М.Шоқай көшесі, 7		4-21-60	4-20-56
12.	Қостанай облысының Ішкі істер департаменті	Қостанай қаласы, Баймағамбетов көшесі, 197	www.kostanaypolice.kz	52-60-19, 52-63-13	52-61-47
1)	Арқалық қаласының Ішкі істер басқармасы	Арқалық қаласы, Байтұрсынов көшесі, 16		7-10-17	7-27-45
2)	Жітіқара қаласының және Жітіқара ауданының ішкі істер бөлімі	Жітіқара қаласы, 5 в-шағын ауданы, 18		2-09-09	2-09-22
3)	Қостанай қаласының Ішкі істер басқармасы	Қостанай қаласы, Таран көшесі, 36		52-68-00	52-68-37

4)	Лисаковск қаласының ішкі істер бөлімі	Лисаковск қаласы, 1 а-шағын ауданы		3-38-51	3-48-07
5)	Рудный қаласының ішкі істер бөлімі	Рудный қаласы, Горняк көшесі, 7		4-55-10	2-84-39
6)	Алтынсарин ауданының ішкі істер бөлімі	Силантьевка кенті, Ленин көшесі, 51		2-12-55	2-15-13
7)	Амангелді ауданының ішкі істер бөлімі	Амангелді кенті, Дүйсенбин көшесі 16		2-11-33	2-11-33
8)	Әулікөл ауданының ішкі істер бөлімі	Әулікөл ауылы, Ленин көшесі, 34		2-10-35	2-10-38
9)	Денисов ауданының ішкі істер бөлімі	Денисовка кенті, Ленин көшесі, 16		9-11-72	9-17-51
10)	Жангелдин ауданының ішкі істер бөлімі	Торғай кенті		2-14-00	2-14-00
11)	Қамысты ауданының ішкі істер бөлімі	Қамысты кенті, Ержанов көшесі, 87		2-14-01	2-20-55
12)	Қарабалық ауданының ішкі істер бөлімі	Қарабалық кенті, Нечепуренко көшесі, 2		3-30-33	3-38-53
13)	Қарасу ауданының ішкі істер бөлімі	Қарасу ауылы, Исаков көшесі, 80		2-12-68	2-18-42
14)	Қостанай ауданының ішкі істер бөлімі	Затабол кенті, Калинин көшесі, 78		2-31-61	2-31-62
15)	Меңдіқара ауданының ішкі істер бөлімі	Боровское кенті, Ленин көшесі, 7		2-13-97	2-15-39
16)	Наурызым ауданының ішкі істер бөлімі	Қараменді кенті, Абылайхан көшесі, 24		2-14-45	2-14-45
17)	Сарыкөл ауданының ішкі істер бөлімі	Сарыкөл кенті, Пушкин көшесі, 102		2-13-68	2-18-22
18)	Таран ауданының ішкі істер бөлімі	Таран ауылы, Советская көшесі, 10		3-61-01	3-61-01
19)	Ұзынкөл ауданының ішкі істер бөлімі	Ұзынкөл ауылы Абылайхан көшесі, 34		2-15-53	2-12-03
20)	Федоров ауданының ішкі істер бөлімі	Федоров ауылы Ленин көшесі, 10		2-24-67	2-11-87

13.	Маңғыстау облысының Ішкі істер департаменті	Ақтау қаласы, 12-шағын аудан	www.mdvd.kz	43-08-76	53-23-64, 53-23-55
1)	Ақтау қаласының Ішкі істер басқармасы	Ақтау қаласы, 3-шағын ауданы, 123		47-48-79	47-48-89
2)	Жаңаөзен қаласының ішкі істер бөлімі	Жаңаөзен қаласы, Спортивная көшесі, 6		31-5-85	31-3-59
3)	Бейнеу ауданының ішкі істер бөлімі	Бейнеу кенті, Досан батыр к-сі, 2		2-25-89	2-25-89
4)	Қарақия ауданының ішкі істер бөлімі	Құрық кенті, 1-шағын ауданы, 1		21-2-99	21-2-77
5)	Маңғыстау ауданының ішкі істер бөлімі	Шетпе кенті, Б. Момышұлы көшесі, 15		21-2-48	21-4-00
6)	Мұнайлы ауданының ішкі істер бөлімі	Мұнайлы кенті, Рысқұлов көшесі, 11		46-63-73	46-63-87
7)	Түпқараған ауданының ішкі істер бөлімі	Форт-Шевченко қаласы, Оңалбаев көшесі, 4		22-7-54	22-4-64
14.	Павлодар облысының Ішкі істер департаменті	Павлодар қаласы, Ленин көшесі, 51	www.dvdpavlodar.kz	32-04-52, 39-11-15	39-11-75
1)	Павлодар қаласының Ішкі істер басқармасы	Павлодар қаласы, Лермонтов көшесі, 51 /1		32-76-81, 32-81-92	37-76-35, 32-69-54
2)	Ақсу қаласының ішкі істер бөлімі	Ақсу қаласы, Дөңентаев көшесі, 5		39-19-02, 39-19-01	39-19-02
3)	Екібастұз қаласының ішкі істер бөлімі	Екібастұз қаласы Ленин көшесі, 98		34-09-27	34-91-42
4)	Ақтоғай ауданының ішкі істер бөлімі	Ақтоғай ауылы, Қайырбай көшесі, 48		2-12-87, 39-19-06	21-4-54
5)	Баянауыл ауданының ішкі істер бөлімі	Баянауыл ауылы Сәтпаев көшесі, 28		9-12-53	9-12-53
6)	Железин ауданының ішкі істер бөлімі	Железин ауылы, Пушкин көшесі, 9		39-19-10	39-19-10
7)	Ертіс ауданының ішкі істер бөлімі	Ертіс ауылы, Исаков көшесі, 95		2-13-41	39-19-12
8)	Қашыр ауданының ішкі істер бөлімі	Тереңкөл ауылы, Сейфулин көшесі, 58		21-2-05	21-2-02

9)	Лебязжі ауданының ішкі істер бөлімі	Аққу ауылы, Амангелді көшесі, 69		39-19-15	2-15-79
10)	Май ауданының ішкі істер бөлімі	Көктөте ауылы, Абылайхан көшесі. 43		39-19-17	39-19-18
11)	Павлодар ауданының ішкі істер бөлімі	Павлодар қаласы, Суворов көшесі		39-19-20	39-19-19
12)	Успенск ауданының ішкі істер бөлімі	Успенск ауылы, Терешкова көшесі, 30		39-19-22, 91-7-02, 92-7-02	91-9-67
13)	Шарбақты ауданының ішкі істер бөлімі	Шарбақты ауылы, Совет көшесі, 59		39-19-24	39-19-23
15.	Солтүстік Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті	Петропавл қаласы Конституция көшесі, 51	www.police.sko.kz	39-40-20, 39-41-63	39-42-89
1)	Петропавл қаласының Ішкі істер басқармасы	Петропавл қаласы, М.Жұмабаев көшесі, 118		39-48-39, 39-48-28	39-48-66
2)	Айыртау ауданының ішкі істер бөлімі	Саумалкөл ауылы, Ш.Уәлиханов көшесі, 24		39-21-03	39-21-03
3)	Ақжар ауданының ішкі істер бөлімі	Талшық ауылы, Абылай хан көшесі, 9		39-20-97, 2-15-72	2-15-72
4)	Аққайың ауданының ішкі істер бөлімі	Смирнов кенті, Труд көшесі, 6		39-20-98	39-20-98
5)	Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның ішкі істер бөлімі	Новоишимский ауылы, Әуелбеков көшесі, 54		39-21-09	39-21-09
6)	Есіл ауданының ішкі істер бөлімі	Явленка ауылы, Ибраев көшесі, 13		39-21-01, 2-13-90	2-13-90
7)	Жамбыл ауданының ішкі істер бөлімі	Пресновка ауылы, Достық көшесі, 17		39-21-02, 2-14-35	2-14-35
8)	Қызылжар ауданының ішкі істер бөлімі	Бөскөл кенті, Гагарин көшесі, 8		39-13-14, 2-10-32	2-10-32
9)	Мағжан Жұмабаев ауданының ішкі істер бөлімі	Булаево кенті, Юбилейная көшесі, 54		39-20-99, 2-11-63	2-11-63
10)	Мамлют ауданының ішкі істер бөлімі	Мамлютка кенті, Ленин көшесі, 3 және 45		39-21-04	39-21-04
11)	Тайынша ауданының ішкі істер бөлімі	Тайынша кенті, Центральный тұйық көшесі, 20		39-21-06	39-21-06

12)	Тимирязев ауданының ішкі істер бөлімі	Тимирязево кенті, Плетнева көшесі, 15		39-21-07	39-21-07
13)	Уәлиханов ауданының ішкі істер бөлімі	Кішкенекөл кенті, Ш.Уәлиханов көшесі, 88		39-21-08	39-21-08
14)	Шал ақын ауданының ішкі істер бөлімі	Сергеевка кенті, Шал ақын көшесі, 14		39-21-05, 2-09-10	2-09-10
16.	Оңтүстік Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті	Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 13	www.dvd-uko.kz	97-66-26, 97-65-85, 97-65-90	97-67-41, 97-65-49
1)	Түркістан қаласының Ішкі істер басқармасы	Түркістан қаласы, Ерубаяев көшесі, н/ж		4-15-02	4-12-73
2)	Шымкент қаласының Ішкі істер басқармасы Еңбекші ауданы ПБ Абай ауданының ПБ Әл-Фараби ауданының ПБ	Шымкент қаласы, Қалдаяқов көшесі, 5, Желтоқсан көшесі, 3, Елшібек батыр көшесі, 110А		56-02-61, 97-64-13, 57-27-50. 98-06-21	98-07-42, 97-64-38, 98-06-31
3)	Мақтаарал ауданының Ішкі істер басқармасы	Жетісай қаласы, М.Әуезов көшесі, н/ж		6-70-20	6-70-20
4)	Сайрам ауданының Ішкі істер басқармасы	Ақсукеңт қаласы, Жібек жолы көшесі, н/ж		2-12-90	2-12-90
5)	Сарыағаш ауданының Ішкі істер басқармасы	Сарыағаш қаласы, Тасбалтаев көшесі, 39		2-15-73	2-15-73
6)	Кентау қаласының ішкі істер бөлімі	Кентау қаласы, Жамбыл көшесі, 29		3-34-61	3-34-61
7)	Арыс ауданының ішкі істер бөлімі	Арыс қаласы, Аймауытов көшесі, 35		2-14-02	2-14-02
8)	Бәйдібек ауданының ішкі істер бөлімі	Шаян ауылы, Бәйдібек көшесі, н/ж		2-10-76	2-10-76
9)	Қазығұрт ауданының ішкі істер бөлімі	Қазығұрт ауылы, Қонаев көшесі, н/ж		2-12-46	2-12-46
10)	Ордабасы ауданының ішкі істер бөлімі	Темірлан ауылы, Т.Рысқұлов көшесі, 3		2-14-13	2-14-13
11)	Отырар ауданының ішкі істер бөлімі	Шәуілдір ауылы, Сәрсенбаев көшесі, 5		2-12-59	2-12-59

12)	Созақ ауданының ішкі істер бөлімі	Шолақ Қорған ауылы, Жібек жолы көшесі, 75		4-14-02	4-14-02
13)	Төле би ауданының ішкі істер бөлімі	Леңгір қаласы, Жамбыл көшесі, н/ж		6-16-02	6-16-02
14)	Түлкібас ауданының ішкі істер бөлімі	Т. Рысқұлов ауылы, Рысқұлов көшесі, 198		5-18-14	5-18-14
15)	Шардара ауданының ішкі істер бөлімі	Шардара кенті, Б. Момышұлы көшесі, 16		2-23-82	2-23-82
17.	Көліктегі Батыс Ішкі істер департаменті	Ақтөбе қаласы, 8-март көшесі, 1	www.aktobe.kz/zdvdt/	97-57-08	97-67-41
18.	Көліктегі Орталық Ішкі істер департаменті	Астана қаласы, Затаевич көшесі, 18/1	www.cddvdt.kz	94-36-30, 94-27-23	94-28-54
19.	Көліктегі Оңтүстік-Шығыс Ішкі істер департаменті	Алматы қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 99	www.uvdvdt.kz	296-52-14, 261-43-03	296-23-59

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

2 6

қ а з а н д а ғ ы

№

1 6 6 8

қ а у л ы с ы м е н

б е к і т і л г е н

м е м л е к е т т і к

қ ы з м е т

с т а н д а р т ы н а

2-қосымша

Сапа мен қол жетімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Алдағы жылы көрсеткіштің мақсатты мәні	Есепті жылдағы көрсеткіштің ағымдағы мәні
1	2	3	4
1. Уақтылылығы			
1.1. Құжаттарды тапсырған сәттен бастап қызметті белгіленген мерзімде ұсыну жағдайларының %-ы (үлесі)			
2. Сапасы			
2.1. Қызмет көрсету үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			
3. Қол жетімділігі			
3.1. Қызмет көрсету сапасы мен оны көрсету туралы ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			
3.2. Ақпаратқа электрондық арқылы қол жеткізуге болатын қызметтердің %-ы (үлесі)			
4. Шағымдану үдерісі			

4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанатын тұтынушылардың %-ы (үлесі)			
5. Сыпайылық			
5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанатын тұтынушылардың %-ы (үлесі)			

Қ а з а қ с т а н Республикасы
 Ү к і м е т і н і ң
 2 0 0 9 жылы 2 6 қазандағы
 № 1 6 6 8 қаулысы мен
 бекітілген мемлекеттік
 қызмет стандартына
 3-қосымша
 Мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған құжаттарды қабылдау туралы
 № _____ Т А Л О Н

(Өтініш иесінің аты-жөні, заңды тұлғалардың атауы)

Қабылданған құжаттардың тізбесі:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____
8. _____
9. _____

Қ а б ы л д а ғ а н :

_____ / _____ / _____

___(ПО, ПД-нің кеңсесі қызметкерінің лауазымы) (қолы) (аты-жөні)

_____ жылғы " _____ "

Берілген күні мен уақыты _____ жылғы " _____ "

сағ. _____ мин.

Қ а з а қ с т а н Республикасы
 Ү к і м е т і н і ң

2009

жылғы

26

қазандағы

№

1668

қаулысымен

бекітілген

мемлекеттік

қызмет

стандартына

4-қосымша

Т а л о н	
----- (субъектің аты)	
Өтініш	қабылдаған _____ (маманның тегі, аты-жөні)
200__ жылғы «__» _____. Сағ. ____ мин. _____	

(өлшемі 75мм x 55мм)